

«Банк ЦентрКредит» АҚ-тың
Директорлар кеңесінің
2024 жылғы «12» наурыздағы
қаулысымен бекітілген (№0312/6)
өзгерістер бекітілген,
ДҚК 25.04.2024 жыл (№0425/3)
ДҚК 18.10.2024 жыл (№1018/5)
ДҚК 06.02.2025 жыл (№0206/1)

УТВЕРЖДЕН
Постановлением Совета Директоров
АО «Банк ЦентрКредит»
от «12» марта 2024 года (№0312/6)
изменения утверждены,
ПСД от 25.04.2024 года (№0425/3)
ПСД от 18.10.2024 года (№1018/5)
ПСД от 06.02.2025 года (№0206/1)

На русском языке

«Банк ЦентрКредит» АҚ-та операцияларды жүргізудің жалпы талаптары туралы ереже

Мазмұны

- I. Жалпы қағидалар.
- II. Қабылданатын депозиттердің және берілетін кредиттердің шекті сомалары мен мерзімдері.
- III. Депозиттер мен кредиттер бойынша сыйақы мөлшерлемелерінің шекті шамалары.
- IV. Депозиттер, кредиттер бойынша сыйақы төлеу талаптары. Банктік шоттарды жүргізу.
- V. Банк қабылдайтын қамсыздандыруға қойылатын талаптар.
- VI. Банк операцияларын жүргізу бойынша мөлшерлемелер мен тарифтердің шекті шамалары.
- VII. Банктік қызмет көрсету туралы шешім қабылдаудың шекті мерзімі
- VIII. Клиенттердің банктік қызмет көрсету барысында туындайтын өтініштерін қарастыру тәртібі
- IX. Банк пен Клиенттің құқықтары мен міндеттері, олардың жауапкершілігі
- X. Клиенттермен жұмыс жүргізу тәртібі туралы қағида
- XI. Қорытынды қағидалар.

ҚОСЫМШАЛАР

- | | |
|------------|---|
| 1-қосымша. | ЗТ және ЖТ депозиттері бойынша шекті сомалар, мерзімдер және сыйақы мөлшерлемелері |
| 2-қосымша. | «Банк ЦентрКредит» АҚ-тағы ЖТ және ЗТ қайта құрылымдалатын/қайта қаржыландырылатын кредиттері бойынша, проблемалы/ықтимал проблемалы кредиттері бойынша шекті сомалар, мерзімдер және сыйақы мөлшерлемелері |
| 3-қосымша. | Контрагент-банктермен жасалатын құжаттамалық операциялар бойынша бойынша шекті сомалар, мерзімдер және тәуекелдер үшін алынатын комиссиялар |
| 4-қосымша. | Операция жүргізуге арналған тарифтер |
| 5-қосымша. | Тарифтердің шекті шамалары |
| 6-қосымша. | Банктік қызмет көрсету туралы шешім қабылдаудың шекті мерзімі |
| 7-қосымша. | Терминдер сөздігі |

I. Жалпы қағидалар

1. «Банк ЦентрКредит» АҚ-та операцияларды жүргізудің жалпы талаптары туралы ереже (бұдан әрі – Ереже) Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына, «Банк ЦентрКредит» АҚ Жарғысына (бұдан әрі – Банк) және Банктің ішкі нормативтік құжаттарына (бұдан әрі – ІНҚ) сәйкес әзірленді.

2. Ереже Банк жүргізетін операцияларға қойылатын жалпы талаптарды регламенттейді және мыналарды белгілейді:

- 1) қабылданатын депозиттердің және берілетін кредиттердің шекті сомалары мен мерзімдері;
- 2) депозиттер мен кредиттер бойынша сыйақы мөлшерлемелерінің шекті шамалары;
- 3) депозиттер мен кредиттер бойынша сыйақы төлеу талаптары;
- 4) Банк қабылдайтын қамсыздандыруға қойылатын талаптар;
- 5) банк операцияларын жүргізуге арналған мөлшерлемелер мен тарифтердің шекті шамалары;
- 6) банк қызметтерін көрсету туралы шешім қабылдаудың шекті мерзімдері;
- 7) Клиенттердің банк қызметтерін көрсету процесінде туындайтын өтініштерін қарау тәртібі;
- 8) Банктің және оның Клиентінің құқықтары мен міндеттері, олардың жауапкершілігі;
- 9) Клиенттермен жұмыс істеу тәртібі;

10) Банктің Директорлар Кеңесінің шешімі бойынша Ережеге енгізілген өзге де шарттар, талаптар мен шектеулер.

3. Ережеде қолданылған аббревиатуралар мен терминдердің талдамасы және анықтамалары Ереженің ажырамас бөлігі болып табылатын Терминдер сөздігінде (Ереженің 7-қосымшасы) көрсетілген.

4. Банк өз қызметін банктік және өзге де операцияларды және бағалы қағаздар нарығындағы қызметті жүргізуге арналған лицензияның, ҚР заңнамасында айқындалатын және Қазақстан Республикасының уәкілетті мемлекеттік органдары берген өзге де рұқсат беру құжаттарының негізінде жүзеге асырады, сондай-ақ Банк депозиттерге міндетті кепілдік беру жүйесінің қатысушысы болып табылады.

5. Банк операцияларын жүргізу кезінде Банк конфиденциалдылықты сақтайды және мұндай ұсыну (жария ету) Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінде тікелей көзделген не уәкілетті мемлекеттік органдардың ресми сауалдары негізінде жүзеге асырылатын жағдайларды қоспағанда, Клиенттің жазбаша рұқсатынсыз банктік, коммерциялық және заңмен қорғалатын өзге де құпияны құрайтын ақпаратты үшінші тұлғаларға бермейді (жария етпейді).

6. Банктік және өзге де операциялар жасаған кезде Банк пен Клиент арасындағы қатынастар Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілер, осы Ереже, жасалған шарттардың талаптары, сондай-ақ Банктің ІНҚ арқылы Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына қайшы келмейтін бөлігінде реттеледі.

7. Ереже Банк пен Клиент арасындағы шарттық қатынастардың ажырамас бөлігі болып табылады, ашық ақпарат болып табылады және коммерциялық немесе банктік құпияның нысанасы болып табылмайды. Ереже Банктің корпоративтік сайтында (www.bcc.kz) орналастырылған және Клиенттің бірінші талабы бойынша танысу, қабылдау, сақтау және басшылық ету үшін Банкке (филиалға/бөлімшеге) тікелей жүгінген кезде ұсынылады.

8. Банк өз қызметін жүзеге асыратын кезде КЖТҚҚ мақсатында КЖТҚҚ туралы ҚРЗ, шетелдік заңнаманың, Банктің қызметіне ықпал ететін халықаралық келісімдердің және/немесе халықаралық практиканың және/немесе корреспондент банктермен/үшінші тұлғалармен жасалған шарттардың талаптарын, Қазақстан Республикасының реттеуші органдарының және Банктің ІНҚ талаптарын сақтайды.

Банк Клиентпен іскерлік қатынастар орнатқанға дейін бенефициарлық меншік иелерін анықтауды (сәйкестендіруді) қоса алғанда, Клиенттерді, олардың өкілдерін тиісті дәрежеде тексеру жөнінде шаралар қабылдайды.

Клиенттерді (олардың өкілдерін) және бенефициарлық меншік иелерін тиісті дәрежеде тексеру мақсатында Банк Клиенттен (оның өкілінен) келесі жағдайларда кез келген мәліметтер мен құжаттарды ұсынуды талап етуге құқылы:

- 1) Клиентпен іскерлік қатынастар орнату;
- 2) ақшамен және (немесе) өзге мүлікпен операцияларды, оның ішінде күдікті операцияларды жүргізу;
- 3) Клиент (оның өкілі), бенефициарлық меншік иесі туралы бұрын алынған мәліметтердің шынайылығына күмәндану үшін негіздер болған;
- 4) Клиент (оның өкілі), бенефициарлық меншік иесі туралы мәліметтерді жаңарту.

9. Ереже Қазақстан Республикасының заңнамасында және Банктің ІНҚ-да белгіленген ерекшеліктер, шектеулер мен айрықша талаптар ескеріле отырып, Банктің жұмыскерлеріне және Банкпен айрықша қатынастағы тұлғаларға қатысты қолданылады. Банкпен айрықша қатынастағы тұлғалармен жасалатын барлық мәмілелерді, мұндай мәмілелердің үлгі талаптарын Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жеңілдікті талаптар ұсынбай-ақ Директорлар Кеңесі бекіткен жағдайларды қоспағанда, Директорлар кеңесі бекітеді, БАҚТ салымдары (депозиттері) бойынша сыйақының дербес мөлшерлемелері БАҚТ болып табылмайтын үшінші тұлғаларға берілетін мөлшерлемеден жоғары белгіленбейді.

10. Банктің қызметтері ақылы болып табылады, оларды ұсынудың мақсаты Банктің табыс алуы не болашақта табыс алу үшін қолайлы жағдайлар жасау болып табылады. Банк Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген шектеулерді ескере отырып, тарифтерді, банк қызметтерін көрсеткені үшін алынатын комиссияларды және депозиттер, кредиттер бойынша сыйақы мөлшерлемелерін өз бетінше белгілейді.

II. Қабылданатын депозиттердің және берілетін кредиттердің шекті сомалары мен мерзімдері

11. Қабылданатын депозиттер мен берілетін кредиттер бойынша шекті сомалар мен мерзімдер Ереженің 1-2-қосымшаларында көрсетілген. Клиенттерге қолданылатын нақты мөлшерлемелер мен Тарифтер тиісті Шарттарда көрсетіледі.

III. Депозиттер мен кредиттер бойынша сыйақы мөлшерлемелерінің шекті шамалары

12. Депозиттер (салымдар) бойынша сыйақы мөлшерлемелерін белгілеу кезінде Банк Банктің ІНҚ басшылыққа алады және депозиттер нарығындағы мөлшерлемелердің деңгейін, банкаралық ресурстардың құнын, ҚР Ұлттық Банкінің қайта қаржыландыру мөлшерлемесінің мөлшерін, қаржы нарығының конъюнктурасын, «Қазақстанның депозиттерге кепілдік беру қоры» АҚ ұсынған мөлшерлемелер деңгейін және баға белгілеудің өзге де маңызды факторларын есепке алады.

13. Банк кредиттік өнімдер бойынша сыйақы мөлшерлемелерін белгілеген кезде тартылған ресурстардың құнын, кредиттік нарықтағы мөлшерлемелердің деңгейін, ҚР ҰБ қайта қаржыландыру мөлшерлемелерінің мөлшерін, қаржы нарығының конъюнктурасын және баға белгілеудің өзге де маңызды факторларын басшылыққа алады.

14. Депозиттер мен кредиттер бойынша сыйақы мөлшерлемелерінің шекті шамалары Ереженің 1 және 2-қосымшаларында көрсетілген. Клиенттерге қолданылатын нақты мөлшерлемелер мен Тарифтер тиісті Шарттарда көрсетіледі.

IV. Депозиттер, кредиттер бойынша сыйақы төлеу талаптары. Банктік шоттарды жүргізу

Депозиттер

15. Банк қабылдайтын депозиттер (салымдар) салымдарды және олар бойынша сыйақыны қайтару талаптарына қарай мынадай түрлерге бөлінеді:

- 1) талап етілгенге дейінгі салымдар;
- 2) мерзімді салымдар;
- 3) жинақ салымдары;
- 4) шартты салымдар мен міндеттемелердің орындалуын қамсыздандыру болып табылатын салымдар (кепіл/кепілге қою), өзге де салымдар.

16. Банк банктік салым шартын жасасқанға дейін Ереженің 95-тармағында көзделген мәліметтер мен құжаттардан басқа клиентке банк салымдары бойынша мынадай ақпаратты ауызша нысанда ұсынады:

- 1) салым түрі (талап етілгенге дейін, мерзімді, шартты);
- 2) салым мерзімі (бар болса);
- 3) салымның ең аз сомасы;
- 4) сыйақы мөлшерлемелерін, оның ішінде клиенттің өтініш жасаған күнгі шынайы, жылдық, тиімді, салыстырмалы есептеудегі сыйақы мөлшерлемелерін (нақты құнын);
- 5) қосымша келісім жасаспай салым мерзімін ұзарту шарттары (бар болса);
- 6) салымды толықтыру, капиталдандыру мүмкіндігі;
- 7) салымды толық немесе ішінара мерзімінен бұрын алып қою шарттары;
- 8) кепілдік берілетін банк салымдары бойынша Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде белгіленген кепілдік берілген өтем мөлшері.

17. Банк пен Клиент (депозитордың/салымшының) арасындағы қатынастар жасалған Шарт және Қазақстан Республикасының заңнамасы арқылы реттеледі, оның шеңберінде Клиент ақша қаражаттарын тапсырады, ал Банк Клиенттің өтініші мен шартта көрсетілген мөлшерде және мерзімде ақша қаражатын (депозитті/салымды) қабылдайды. Банк салым сомасын есептеу үшін Клиентке жинақ шотын ашады, бұл ретте Клиентке салым сомасын және сыйақыны тиісті шартта көзделген талаптармен және тәртіппен төлеуге міндеттенеді.

18. Жинақ шоттары бойынша операцияларды Банк:

- 1) Клиенттің және/немесе оның заңды өкілінің, ҚР заңнамасына сәйкес нотариат куәландырған сенімхат негізінде Клиенттің атынан әрекет ететін үшінші тұлғалардың тапсырмалары бар төлем және касса құжаттарының негізінде;
- 2) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Клиенттің акцептін талап етпейтін үшінші тұлғалардың талаптарының негізінде;
- 3) егер ол жасалған шарттың талаптарына және Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмесе, Банк өкімінің негізінде жүзеге асырады.

19. Егер Банктің уәкілетті органы өзгеше белгілемесе, онда әдепкі бойынша депозиттер (салымдар) бойынша сыйақыны есептеу үшін Банк пен Клиент айдағы нақты күн санына тең шартты кезеңді және 365 күнге тең шартты жылды қабылдайды. Бұл ретте қосымша жарналарды ескере отырып, шотта ақшаны орналастырудың және олардың бөліктерін алып қоюдың нақты мерзімі ескеріледі (егер ондай орын алса).

20. Депозит (салым) бойынша сыйақы тиісті шартта белгіленген тәртіппен төленеді. Депозиттердің (салымдардың) түрлеріне қарай Банк сыйақыны есептеудің және төлеудің әртүрлі кезеңдерін қолданады: күн сайын, ай сайын, тоқсан сайын, жылына бір рет, не бір мезгілде, депозит (салым) мерзімінің соңында.

21. Салымдар (депозиттер) бойынша сыйақы төлеу кезінде Банк, егер мұндай ұстау Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген болса, төлем көзінен алынатын табыс салығын ұстауды жүргізеді.

22. Салым (депозит) Клиенттің Банк немесе үшінші тұлғалар алдындағы міндеттемелерінің орындалуын қамтамасыз ету болып табылатын депозитті (салымды) қоспағанда, шартта айқындалған талаптармен және тәртіппен шарттың қолданыс кезеңінде кез келген уақытта талап етілуі мүмкін.

Банктік шоттар

23. Банк Клиенттерге банктік және өзге де қызметтердің толық тізбесін ұсыну мақсатында шоттардың мынадай түрлерін ашады:

- 1) ағымдағы шот;
- 2) жинақ шоты;
- 3) корреспонденттік шот.

24. Клиенттердің ағымдағы шоттарындағы ақшаның ең аз және ең жоғары қалдығы шектелмейді.

25. Егер Қазақстан Республикасының заңнамасында немесе тараптардың келісiмiнде өзгеше белгiленбесе, банктік шот (ағымдағы шот) шарты мерзiмсiз болып табылады.

26. Шоттан қаражатты есептен шығару Қазақстан Республикасының заңнамасында, шартта және Банктің ИҚ-да тікелей көзделген жағдайларды қоспағанда, Клиенттің нұсқауы бойынша банк шотындағы ақша қалдығы шегінде жүргізіледі.

27. Банктік шоттар бойынша операцияларды тоқтата тұруды, Клиенттің банктік шотынан оның келісiмiнсiз ақшаға тыйым салуды және/немесе оны алып қоюды Банк Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес және уәкiлеттi мемлекеттік органдардың тиісті шешімдерінің (қаулыларының) негiзiнде жүргізеді.

28. Клиенттердің банктік шоттары бойынша операциялар Банктің белгiленген операциялық күні ішінде, сондай-ақ Банкте техникалық мүмкiндiк болған кезде операциядан кейiнгi уақытта және Банктің Қазынашылық бөлiмшесiнiң келісiмi бойынша жүргізіледі.

29. Клиент валюталық операцияларды жасаған кезде Банк валюталық бақылау агентінің функциясын орындаған кезде Қазақстан Республикасының валюталық заңнамасының талаптарын басшылыққа алады. Клиенттердің - жеке және заңды тұлғалардың операцияларын жүргізген кезде валюталық бақылауды жүзеге асыру тәртібі тиісті ИҚ арқылы реттеледі.

30. Егер Қазақстан Республикасының заңнамасында өзгеше белгiленбесе, резиденттер мен бейрезиденттер арасындағы шетел валютасымен жасалатын барлық операциялар олардың банктік шоттары арқылы қолма-қол ақшасыз нысанда жүргізіледі.

31. Шетел валютасымен жасалатын барлық операциялар Қазақстан Республикасының заңнамасында, Банктің ИҚ-да және шарттарда белгiленген тәртіппен, ҚР резиденттері арасындағы шетел валютасымен есеп айырысуға тыйым салу арқылы жүргізіледі, бірақ мұнымен шектелмейді.

32. Клиенттің және оның сенім бiлдiрiлген тұлғасының талабы бойынша Банк оларға жинақ шоты бойынша қағаз жеткізгіштегі үзiндi көшiрменi ұсынады, сондай-ақ Клиенттің жазбаша өтiнiшi негiзiнде өзге байланыс арналары арқылы Клиентке салымның (депозиттің) жай-күйі туралы ақпаратты ұсынады.

33. Банктердің және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардың корреспонденттік шоттарын ашу және жүргізу Қазақстан Республикасының заңнамасында және Банктің ИҚ-да көзделген шотты ашу үшін құжаттардың толық пакетін ұсынғаннан кейін жасалған корреспонденттік қатынастарды белгілеу туралы шарт/келісiм негiзiнде жүргізіледі.

Кредиттер

34. Банктің қарыз операцияларын жүзеге асыруы Қазақстан Республикасының заңнамасына және Банктің ИҚ сәйкес ақылы, мерзiмдi болады және қайтарылады деген талаптармен, сондай-ақ қарыз алушының (Клиенттің) ол және жасалатын мәміле туралы мәліметті, сондай-ақ тараптардың өз мiндеттемелерiн орындауына байланысты ақпаратты кредиттік бюролардың деректер базасына ұсынуға жазбаша келісiмi және кредиттік бюроның кредиттік есепті алушыға кредиттік есепті беруге жазбаша келісiмi болған жағдайда жүргізіледі.

35. Банк пен Клиент арасындағы кредиттік өнiмдер бойынша өзара қарым-қатынастар белгiленген форматтағы шарттық негiзде (кредит, кепiл, кепiлдiк, аккредитив және т.б.) құрылады, бұл ретте мұндай Шарттарды кредиттік желіні беру туралы келісiмдер, Қосылу шарттары және өзге де негiздемелiк шарттар аясында жасасуға жол беріледі.

36. Қарыз шарты/Қосылу туралы өтiнiш жасалғанға дейiн Банк Клиентке қосымша ауызша нысанда мынадай ақпаратты ұсынады:

- 1) қарыз беру мерзiмi;
- 2) қарыздың шектi сомасы мен валютасы;
- 3) сыйақы мөлшерлемесінің түрi: бекітілген немесе құбылмалы, егер сыйақы мөлшерлемесі құбылмалы болып табылған жағдайда есептеу тәртібі;
- 4) Клиенттің өтiнiш жасаған күнгi жылдық пайызбен сыйақы мөлшерлемесінің және СЖТМ мөлшері;
- 5) Банктің пайдасына қарыз алуға және оған қызмет көрсетуге (өтеуге) байланысты комиссиялардың, тарифтердің және өзге де шығыстардың толық тізбесі мен мөлшері;

6) қарыз шарты бойынша міндеттемелер орындалмаған жағдайда Клиенттің жауапкершілігі мен тәуекелдері;

7) кепіл берушінің, кепілгердің, кепіл болушының және қарызды қамтамасыз ету туралы шарттың тарабы болып табылатын өзге де тұлғаның жауапкершілігі.

37. Банктің кредит қызметінің негізгі бағыттары Қазақстан Республикасындағы экономикалық және әлеуметтік ахуалды және оның серпінін, кредит нарығының жай-күйін, банк бәсекелестігінің деңгейін және Банктің өзінің мүмкіндіктерін бағалауды ескере отырып қалыптастырылады.

Кредиттік тәуекелді азайту мақсатында қарыз кредитті өтеудің қайталама көздері - Банктің ІНҚ сәйкес негізгі борыш пен сыйақыны өтеу үшін жеткілікті кепілдік қамтамасыз ету, сондай-ақ төлем жасауға қабілетті ЗТ мен ЖТ кепілдіктері мен кепілдемелері болған кезде беріледі. Клиенттің Банк алдындағы міндеттемелерін орындауға ортақ жауапты ретінде Бірлесіп қарыз алушы (ЖТ немесе ЗТ) бола алады.

38. Кредиттік өнімдер бойынша сыйақы мөлшерлемелері тиісті Шарттарда валютаға, кредиттің сомасы мен мерзіміне, қамсыздандыру сапасына, Клиенттің кредиттік тарихына және Қазақстан Республикасының заңнамасында және осы Ережеде белгіленген мөлшерлер шегінде кредиттеу талаптарына сәйкес басқа да факторларға байланысты көрсетілген.

39. Құбылмалы сыйақы мөлшерлемесін есептеу ережелерін, қолдану талаптарын регламенттейтін ҚРҰБ нормативтік-құқықтық актісіне сәйкес Банк құбылмалы сыйақы мөлшерлемесін қолдана алады.

40. СЖТМ мөлшерлемесінің мөлшері ҚРҰБ НҚА сәйкес есептеледі және ҚР заңнамасында белгіленген ең жоғарғы белгіден (мөлшерден) аспайды, Клиент-ЖТ (Қарыз алушы) кредитті ішінара мерзімінен бұрын өтеген кезде Банк Шарттың ажырамас бөлігі болып табылатын Өтеу кестесінде көрсете отырып, СЖТМ мөлшерін қайта есептейді.

41. Кредитті беру Банктің уәкілетті органы бекіткен талаптарға сәйкес Шартта айқындалған мерзімде біржолғы не кезең-кезеңмен жүргізіледі. Шарттарда кредитті қолма-қол ақшамен не қолма-қол ақшасыз, тікелей үшінші тұлғалардың пайдасына беру мүмкіндігі көзделуі мүмкін, өйткені бұл Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейді.

42. Негізгі борыш пен сыйақыны өтеу ай сайын не Шарттың талаптарына сәйкес және Шарттың ажырамас бөлігі болып табылатын Өтеу кестесіне сәйкес өзге де кезеңділікпен жүргізіледі (Қазақстан Республикасының заңнамасы бойынша Кестенің болуы міндетті болмайтын жағдайларды қоспағанда).

43. Қарызды өтеу үшін әртүрлі өтеу әдістері қолданылуы мүмкін, оның ішінде міндетті әдістер:

1) банктік қарыз шарты бойынша берешекті өтеу негізгі борыш бойынша төлемдердің тең сомаларын қамтитын және белгілі бір кезең үшін негізгі борыш қалдығына есептелген сыйақыны қамтитын азайтылатын төлемдермен жүзеге асырылатын сараланған төлемдер әдісі;

2) банктік қарыз бойынша берешекті өтеу негізгі борыш бойынша ұлғайтылатын төлемдерді және негізгі борыштың қалдығына белгілі бір кезеңде есептелген сыйақы бойынша азайтылатын төлемдерді қамтитын банктік қарыздың бүкіл мерзімі ішінде тең төлемдермен жүзеге асырылатын аннуитеттік төлемдер әдісі. Бірінші және соңғы төлемдердің мөлшері басқалардан өзгеше болуы мүмкін.

44. Банкке берешекті өтеуді Клиент немесе үшінші тұлғалар қолма-қол және қолма-қол ақшасыз тәртіппен жүргізе алады. Кредит бойынша төлемнің мерзімі кешіктірілген кезде және/немесе Шартта көзделген басқа жағдайларда Банк тікелей дебеттеу арқылы берешек сомасын Клиенттің, кепілгердің/кепіл болушының кез келген шоттарынан есептен шығаруға және/немесе Шарттың, кепіл шарттарының және өзге де келісімдердің талаптарына сәйкес соттан тыс, сот тәртібімен кепіл мүлкінің құнынан қанағаттандыруды алуға құқылы

45. Қазақстан Республикасының заңнамасында өзгеше белгіленбегендіктен: (1) кредиттерді өтеу Банкке тікелей, Қарызды өтеу шоты арқылы, сондай-ақ төлем ордерлері негізінде шоттарды тікелей дебеттеу арқылы жүзеге асырылуы мүмкін; (2) берешекті тікелей дебеттеу шоттағы ақша қалдығының барлық сомасына берешектің бір бөлігінің/барлық мөлшерінде жүзеге асырылуы

мүмкін. Төлем талабы негізінде мерзімінен кешіктірілген берешекті өндіріп алу Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

V. Банк қабылдайтын қамсыздандыруға қойылатын талаптар

46. Клиенттің қарыздар бойынша міндеттемелерінің орындалуын қамсыздандыру ретінде Банк кепілге өтімді, азаматтық айналымнан алынбаған, Банктің ІНҚ талаптарына жауап беретін, кепілдік қамсыздандыруды басқаруды/жұмыс жүргізуді регламенттейтін, кепілге қабылдануы Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін мүлікті (оның ішінде мүліктік құқықтарды) кепілге қабылдауды, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасына және Банктің ІНҚ сәйкес жеке және заңды тұлғалардың кепілдіктерін/кепілгерліктерін қабылдайды.

47. Қарыздар бойынша кепілдікті қамсыздандырудың жалпы құрылымындағы кепілдікті қамсыздандырудың жекелеген түрлерінің арақатынасы тиісті банк өнімі, сондай-ақ Банктің ІНҚ арқылы реттеледі.

48. Мүлікті кепілдік қамсыздандыру ретінде қабылдау туралы түпкілікті шешімді Банктің тиісті уәкілетті органы қабылдайды.

49. Жылжымайтын мүлікті кепілдік қамсыздандыру ретінде қабылдаған кезде Банктің ІНҚ талаптарына сәйкес Қарыз/Кепіл көрсеткіштерінің арақатынасын сақтау (қарыз сомасының жылжымайтын кепілдік қамсыздандырудың кепілдік құнына қатынасы) міндетті шарт болып табылады.

50. Кепіл затына қойылатын негізгі талаптар:

1) мүліктің жеткілікті баға тұрақтылығымен және осындай мүлікке қалыптасқан нарық конъюнктурасымен қамтамасыз етілетін өтімділігі болуы тиіс;

2) Банктің уәкілетті органы мүлікті қайта кепілге қабылдау туралы шешім қабылдаған жағдайларды қоспағанда, мүлік үшінші тұлғалардың құқықтары мен талаптарына ауыртпалық салудан еркін болуы тиіс;

3) кредит беруге, кепілдіктер мен аккредитивтер шығаруға, кепіл құнын айқындауға және мүлікке кепіл құқығын тіркеуге арналған өтінімдерді қарау үшін және Банкке қажетті өзге де мақсаттар үшін қажетті құжаттардың болуы міндетті.

Кепілге ұсынылатын мүліктің түріне, оны меншікке сатып алу негіздері мен тәртібіне қарай мүліктің кепіл берушіге нақты тиесілі екенін анықтау және ұсынылған мүлікті кепілге қабылдау туралы мәселені түпкілікті шешу үшін қажетті өзге де құжаттар талап етілуі мүмкін.

Өшірілген не қосып жазылған, сызылған сөздер мен өзге де ескертілмеген түзетулері бар не олардың түпнұсқалығына күмән туғызатын құжаттар қабылданбайды. Құжаттарды түпнұсқада немесе нотариатты куәландырылған көшірмелерде не электрондық түрде, жеткізгіштерде және Шартта белгіленген байланыс арналары бойынша ұсыну қажет.

4) Банктің ІНҚ-да айқындалған жағдайларды қоспағанда, Кепіл берушіде салықтар және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер бойынша берешектің, сондай-ақ коммуналдық қызметтерді төлеу бойынша берешектің, жалдау ақысының және кепіл нысанына қатысты басқа да төлемдердің болмауы;

5) кепіл мүлкінің сақталуын қамтамасыз етуді Кепіл беруші жүзеге асырады. Банк (Филиал) қажет болған жағдайда ҚР Заңнамасының талаптарына және кепіл шартына сәйкес кепіл мүлкін қорғауды жүзеге асырады;

51. Кепіл заты болып табылатын мүлікті сақтандыруды Кепіл беруші (Клиент) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес, қажет болған жағдайларда - Банктің талап етуі бойынша оның ІНҚ сәйкес жүргізеді.

52. Бөлшекті (ипотекалық) кредиттеу бағдарламалары, шағын және орта бизнесті кредиттеу бағдарламалары аясында кепілдік қамсыздандыруды басқаруды/жұмыс істеуді регламенттейтін және бөлшекті (ипотекалық) кредиттеуді, шағын және орта бизнесті кредиттеуді реттейтін Банктің ІНҚ айқындаған мүлік түрлері кепілге қабылдануы мүмкін.

53. Кредиттер (кепілдіктер, аккредитивтер) беру туралы мәселелерді қараған кезде кепілдік қамсыздандыруды басқаруды/жұмыс істеуді регламенттейтін Банктің ІНҚ белгілеген кепілдік қамсыздандыруды таңдау кезіндегі басымдықтар ескеріледі.

54. Банк беретін қарыздар (кредиттер) бойынша қамсыздандыру болып Банк үшін қолайлы кез келген мүлікті (ақшаны, бағалы қағаздарды және өзге де қаржы құралдарын, жылжымалы және жылжымайтын мүлікті, мүліктік және өзге де құқықтарды қоса алғанда) кепілге беру (кепілге қою), үшінші тұлғалардың кепілдіктері мен кепілдемелері, Банк үшін тұрақсыздық айыбы және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген қарыздардың (кредиттердің) қайтарымдылығын қамтамасыз етудің басқа да қолайлы тәсілдері болуы мүмкін.

55. Кепіл мүлкін ауыстыру, мониторинг жүргізу және өзге де талаптар жасалған кепіл шарттары және Банктің ІНҚ арқылы белгіленеді.

56. Мүлікті бағалау және мүлік кепілі шартына қосымша келісімді/кепіл шартын мүлікке құқықтарды және онымен мәмілелерді тіркеуді жүзеге асыратын уәкілетті органда/тұлғада тіркеуді жүргізгені үшін алымды төлеу туралы есепті дайындауға байланысты барлық шығыстар, сондай-ақ кепілдік қамсыздандыруды қайта бағалауға байланысты шығыстар, егер шарттық қатынастарда және/немесе ІНҚ-да өзге талап айқындалмаса, қарыз алушыға (кепіл берушіге) жүктеледі.

VI. Банк операцияларын жүргізу бойынша мөлшерлемелер мен тарифтердің шекті шамалары

57. Банк операцияларын жүргізуге арналған мөлшерлемелер мен Тарифтердің шекті шамалары Қағиданың 4 және 5-қосымшаларында көрсетілген. Қосымшалар аясында Клиенттерге қолданылатын нақты мөлшерлемелер мен Тарифтер Шарттарда көрсетіледі.

VII. Банктік қызмет көрсету туралы шешім қабылдаудың шекті мерзімі

58. Банк қызметтерін көрсету туралы шешімді қабылдаудың шекті мерзімдері Қағиданың 6-қосымшасында көрсетілген және Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптары бойынша өзгертілуі мүмкін.

VIII. Клиенттердің банктік қызмет көрсету барысында туындайтын өтініштерін қарастыру тәртібі

59. Клиенттер Банктің Call Center-не қоңырау шалу немесе хабарламаны Банктің www.bcc.kz корпоративтік веб-сайтында қалдыра отырып, банк қызметтерін көрсету процесінде туындаған мәселелер, Банк қызметіне байланысты өзге де мәселелер бойынша шағымдармен және ұсыныстармен Банкке жүгінуге құқылы.

60. Банктің Клиенттердің өтініштерін қарауы Қазақстан Республикасының заңнамасында, Банктің ережелерінде және өзге де ІНҚ-да белгіленген тәртіппен жүзеге асырылады. Банк Клиенттердің келесі өтініштерімен жұмысты жүзеге асырады:

1) қолма-қол, пошта байланысы арқылы Банктің электрондық поштасына және интернет-ресурсына келіп түскен жазбаша өтініштер. Жазбаша өтінішті қолма-қол ұсынған кезде Банк өтініштің қабылданғанын растайтын көшірмесіне белгі қояды;

2) телефон арқылы келіп түскен және Банктің Клиенті тікелей келген кезде берген ауызша өтініштері. Банкке ауызша нысанда келіп түскен өтініштер дереу қаралады және егер мұндай мүмкіндік болса, онда Клиенттің ауызша өтінішіне жауап бірден беріледі. Егер ауызша өтінішті дереу шешу мүмкін болмаған жағдайда, оны Клиент жазбаша нысанда баяндайды және онымен жазбаша өтініш ретінде жұмыс жүргізіледі. Клиент жауап алу үшін қажетті рәсімдер және осындай өтініштерді қарау мерзімдері туралы хабардар етіледі.

Мұндай өтініште дайындалып жатқан немесе жасалған қылмыстар туралы не мемлекеттік немесе қоғамдық қауіпсіздікке төнген қатер туралы мәліметтер қамтылған және олардың құзыретіне сәйкес мемлекеттік органдарға дереу қайта жіберілуі тиіс жағдайларды қоспағанда, өтініштерді қабылдаудан бас тартуға жол берілмейді, бұл ретте жасырын өтініш қарастырылмайды.

61. Түсу арналарына қарамастан есепке алуды, орындауды және/немесе жауапты, анықтамалық мақсаттарда пайдалануды талап ететін барлық хат-хабарлар тіркеуі тиіс.

62. Банктің уәкілетті тұлғалары Банк УТ бекіткен қабылдау кестесіне сәйкес айына кемінде бір рет Клиенттерді және олардың өкілдерін жеке қабылдауды жүргізеді. Қабылдау белгіленген және Клиенттердің назарына жеткізілген күндері мен сағаттарында Банктің және/немесе Банк филиалының орналасқан жері бойынша жүргізіледі. Егер өтінішті Банктің УТ қабылдау кезінде

шешу мүмкін болмаса, оны Клиент жазбаша нысанда баяндайды және онымен жазбаша өтініш ретінде жұмыс жүргізіледі.

63. Клиенттердің жазбаша өтініштері Банктің ІНҚ сәйкес деректемелері бар Жазбаша өтініштерді тіркеу журналында тіркеледі. Клиенттердің өтініші, қарау үшін қосымша ақпарат алу/тексерулер талап етілмейтін жағдайларды қоспағанда, Банкке келіп түскен күннен бастап 15 (он бес) күнтізбелік күн ішінде қаралады.

64. Клиентке оның жазбаша өтінішінің қағаз жеткізгіште қабылданғанын растайтын құжат беріледі не өтініштің көшірмесіне тиісті белгі қойылады.

65. Клиенттердің телефон арқылы жіберілген өтініштері тіркеледі. Клиентпен телефон арқылы сөйлесулерді жазу оның келісімімен жасалады, бұл туралы сөйлесудің басында хабарланады.

66. Банкке ауызша нысанда (телефон арқылы немесе Клиент Банк кеңсесіне өзі келген кезде) келіп түскен өтініштер дереу қаралады және егер мұндай мүмкіндік болса, онда Клиенттің ауызша өтінішіне жауап бірден беріледі. Егер ауызша өтінішті дереу шешу мүмкін болмаған жағдайда, оны Клиент жазбаша нысанда баяндайды және онымен жазбаша өтініш ретінде жұмыс жүргізіледі. Клиент жауап алу үшін қажетті рәсімдер және осындай өтініштерді қарау мерзімдері туралы хабардар етіледі.

67. Банк Клиенттердің өтініштерін объективті, жан-жақты және уақтылы қарауды қамтамасыз етеді және оларды өтініштерді қарау нәтижелері және қабылданған шаралар туралы хабардар етеді, ұсынылған ақпарат жеткіліксіз болған жағдайда Клиенттен қосымша құжаттар мен мәліметтерді сұратады. Клиенттің өтініші негізді және заңды болған жағдайда Банк Клиенттің құқықтары мен заңды мүдделерінің бұзылуын жою және қалпына келтіру туралы шешім қабылдайды.

68. Клиентке қарау нәтижелері туралы жазбаша жауап мемлекеттік тілде немесе өтініш тілінде ресімделеді, оған Банктің уәкілетті тұлғасы қол қояды және жазбаша өтініштерді тіркеу журналында тиісті белгі көрсетіле отырып, Клиент Банкке келген кезде хабарламасы бар тапсырыс хатпен немесе қолын қойғызып Клиентке жіберіледі. Банкке электрондық пошта арқылы жүгінген Клиентке жазбаша жауап оның өтінішінде көрсетілген электрондық мекенжайға электрондық пошта арқылы да жіберіледі.

ІХ. Банк пен Клиенттің құқықтары мен міндеттері, олардың жауапкершілігі

69. Банктің және Клиенттің құқықтары мен міндеттері, олардың жауапкершілігі Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасында, ҚР өзге де нормативтік құқықтық актілерінде, Банктің ІНҚ-да, сондай-ақ тиісті банктік қызмет көрсету шарттары мен Банктің Клиенттермен жасалған өзге де шарттарында айқындалады.

70. Банк пен Клиент Қазақстан Республикасының заңнамасында, осы Ережеде және Шартта (міндетті және шарттық құқықтар мен міндеттердің тізбесі Стандарт талаптарда және Қосылу туралы өтініштерде белгіленген) белгіленген барлық іс-әрекеттерді жүзеге асыруға құқылы.

71. Клиент Ережені, Тарифтер мен мөлшерлемелерді, Шарттың талаптарын, кредит беру бағдарламаларын және өзге де банк өнімдерін/қызметтерін және Қазақстан Республикасының заңнамасын зерделеуге міндетті. Көрсетілген құжаттар мен ақпаратты білмеу Клиентті Шарт және жауапкершілік бойынша өз міндеттерін тиісінше орындаудан босатпайды.

72. Клиент ұсынған мәліметтердің дұрыстығын тексеру мүмкін болмаған немесе Клиент Клиент (оның өкілі) және бенефициарлық меншік иесі туралы деректерді жаңарту үшін қажетті мәліметтер мен ақпаратты ұсынбаған жағдайда, сондай-ақ Клиентке қызмет көрсету процесінде Клиент іскерлік қатынастарды қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыру (жылыстату), терроризмді қаржыландыру және жаппай қырып-жою қаруын таратуды қаржыландыру мақсатында пайдаланады деген күдік туындаған жағдайда, Банк КЖТҚҚ және Банктің ІНҚ талаптарының аясында белгілі бір талаптарды енгізуге, Клиенттің операцияларын тоқтата тұруға және шектеуге және/немесе Клиентпен іскерлік қатынастарды тоқтатуға құқылы.

73. Клиент өзіне көрсетілген қызметтер үшін Банкке барлық тиісті комиссия сомаларын, төлемдерді немесе Клиент пен Банк арасында жасалған шарттың талаптарына сәйкес басқа келісілген сомаларды төлеуге міндетті.

74. Клиент паролдерді дұрыс пайдалану үшін, оны жария етпеу, конфиденциалдығы және қауіпсіз сақтау үшін жауап береді. Конфиденциалды деректер үшінші тұлғаларға белгілі болды деген күдік туындаған кезде, Клиент дереу Call Center орталығына немесе Банктің жақын жерде орналасқан бөлімшесіне хабарласуға міндеттенеді. Егер парольдер жоғалуы, Клиенттің дұрыс пайдаланбауы салдарынан үшінші тұлғаларға белгілі болса, Банк Клиенттің алдында жауап бермейді.

75. Клиент өзінің Банктегі шотындағы орналасқан ақшасының сомасы және ол бойынша жасалған операциялар туралы барлық қажетті ақпаратты, сондай-ақ өзінің міндеттерін жасалған шартта және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген тәртіппен орындауына байланысты ақпаратты алуға құқылы.

76. Ағымдағы шотты/депозит (салым) шотын ашуға, төлем карточкасын шығаруға, банктік қызмет көрсету үшін басқа шарттарды жасасуға қажетті құжаттарды, сондай-ақ ағымдағы шот/банктік салым шоты бойынша операциялар жүргізуге немесе басқа банктік операцияларды іске асыруға қажетті басқа мәліметтерді Банк талап етуге құқылы, ал Клиент оларды ұсынуға міндетті.

77. Банк көрсеткен қызметтер үшін оған тиесілі төлемдерді немесе Клиент пен Банк арасында жасалған шарттың талаптарына сәйкес басқа келісілген сомаларды Клиенттің банктік шотынан ақшаны акцептсіз есептен шығару және/немесе тікелей дебеттеу арқылы, сондай-ақ ұлттық және/немесе шетел валютасында (шот валютасынан тәуелсіз) шотқа (шоттарға) қателесіп есептелген ақшаны Шартта және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген тәртіппен өндіріп алуға құқылы.

78. Банк немесе Клиент өздерінің арасында жасалған шарт бойынша өз міндеттерін орындамаған және/немесе тиісті дәрежеде орындамаған жағдайда, Банк немесе Клиент тиісті шарттың талаптарына сәйкес жауапкершілік көтереді.

79. Банк және Клиенттер шарттың талаптарын сақтауға, шарттардың талаптары бойынша өздеріне жүктелген міндеттерді орындауға міндетті. Шарттарда өнімнің түріне және Банк ұсынатын қызметке байланысты тараптардың жауапкершілігін жоятын немесе шектейтін басқа жағдайлар көзделуі мүмкін (күшке бағынбайтын жағдайлар (форс-мажор), шарттағы қарсы тараптың кінәсінің болмауы, тиісті дәрежеде қызмет етпеуі және т.б.).

80. Шетелдік банктің төлемді/ақша аударымен жүргізуден немесе Клиенттің ақшасын оқшаулаудан бас тарту тәуекелі пайда болған жағдайда, Банк Клиенттің шетелдік банк арқылы жүзеге асырылатын төлеміне/ақша аударымына қатысты акцепттен және Клиенттің нұсқауларын (тапсырмаларын) орындаудан бас тартуға құқылы. Төлемге/ақша аударымына шетелдік банк арқылы бастама білдірген немесе шетелдік банктің Банк немесе Клиент пайдасына төлем немесе ақша аударымын жүргізуден бас тартуы нәтижесінде Банктің өз міндеттемелерін орындауы мүмкін болмаған кезде Клиент ақшаны бұғаттау (тосқауыл қою) тәуекелін көтереді.

81. Халықаралық ұйымдар, шетелдік мемлекеттік және/немесе мемлекеттік емес органдар және ұйымдар қолданатын іс-әрекеттер, шешімдер (қаулылар, өкімдер және т.б.), санкциялар туындаған жағдайда, нәтижесінде Банктің Клиенттің тапсырмасы бойынша Клиенттің немесе үшінші тұлғалардың пайдасына жасалатын төлемдерге/аударымдарға және өзге де операцияларға қатысты Клиент алдындағы өз міндеттемелерін орындауы мүмкін болмаған жағдайда Банк жауапты болмайды.

82. Егер осындай бас тарту немесе тоқтата тұру немесе тоқтату OFAC (Office of Foreign Assets Control), БҰҰ Қауіпсіздік кеңесінің тізімінде көрсетілген елдерге, жеке және заңды тұлғаларға қатысты халықаралық экономикалық санкциялардың, сондай-ақ Еуропалық Одақтың, Үкіметаралық ұйымның FATF (Financial Action Task Force) және басқа да уәкілетті ұйымдардың және органдардың санкцияларының іс-әрекетіне негізделген болса, Банк Клиенттің кез келген операциясын (оның ішінде санкциялық шектеулердің белгілері және/немесе элементтері бар тауарлар және/немесе қызметтер үшін ақы төлеу жөніндегі мәмілелер) жүргізуден бас тартуға немесе оны тоқтата тұруға немесе тоқтатуға және/немесе іскерлік қатынастарды тоқтатуға құқылы.

83. Банк Клиент ұсынған құжаттардың түпнұсқалығын, өзектілігін тексеруді жүзеге асыруға, олардың деректемелерін мемлекеттік және мемлекеттік емес деректер базасындағы деректермен салыстыруға құқылы. Банктің кепілге қатысты құқығы Уәкілетті мемлекеттік органда тіркелген жағдайларда Банк кепілге берілген мүлікке құжаттардың түпнұсқаларын не көшірмелерін талап

етпеуге құқылы; бұл ретте, Қарыз алушы осы құжаттармен кез келген операцияларға/мәмілелерге тыйым салынғанын және ҚР тергеу және өзге де мемлекеттік органдарының шешімдері/қаулылары бойынша қылмыстық қудаланатын алаяқтық белгілері болуы мүмкін екенін түсінеді.

84. Банк шот бойынша жүргізілген қате төлемдерді, растауды, Шот бойынша үзінді-көшірмені және/немесе Банк Клиентке ұсынған басқа ақпаратты (техникалық (жүйелік) қателер, сыйақының артық төленуі және т.б. нәтижесінде осындай қате есептеудің себебіне қарамастан, бірақ мұнымен шектелмей) анықтаған жағдайда Банк Клиенттің кез келген шоттарын дебеттеуге құқылы. Банк есептерді кредиттеу не шотты дебеттеу арқылы, сондай-ақ Клиенттің алдын ала келісімінсіз Банк тарифтерінің, осы Ережелердің және шарттардың негізінде Банк құқығы бар кез келген комиссияларды қоса алғанда, Клиенттің Банкке берешегін төлеуге арналған кез келген соманы есепке жатқызу тәртібімен түзетуге құқылы.

85. Банк Клиенттің шотын оның алдын ала келісімінсіз комиссия сомасына тікелей дебеттеу арқылы өзі ұсынған қызметтер үшін комиссия алуға құқылы. Осы комиссияларды есептен шығару үшін валютамен ашылған шотта ақша сомасы жеткіліксіз болған жағдайда Банк комиссия сомасын жабу үшін басқа валютадағы шоттардан комиссия сомасының қажетті баламасын нарықтық бағам бойынша айырбастауға құқылы.

86. Егер шоттағы сома Банктің қызметтеріне ақы төлеу үшін жеткіліксіз болса, Банк өз қалауы бойынша Клиенттің берешек сомасын Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өндіріп алуға, оның ішінде Клиенттің басқа Банктерде ашылған кез келген шоттарынан берешек сомасын тікелей дебеттеу арқылы қызмет үшін төлеуге жататын соманы шотта бар сомаға дейін азайтуға және қызмет көрсетуді тоқтата тұруға құқылы.

87. Банк өзінің міндеттемелерін және Клиенттің нұсқауларын орындаған және Клиентке шартқа сәйкес өзге де қызмет көрсеткен кезде, үшінші тұлғалардың қызметтерін пайдалану Қазақстан Республикасының заңнамасында тікелей белгіленген жағдайларды қоса алғанда, бірақ олармен шектелмей, үшінші тұлғалардың қызметтерін пайдалануға құқылы. Банк үшінші тұлғалардың іс-әрекеттері үшін жауапты болмайды.

88. Банк Клиенттен қосымша келісім алмай Клиенттің шарт бойынша берешегін өндіріп алуды үшінші тұлғаларға тапсыруға және Банктің тапсырмаларын орындау үшін қажетті барлық ақпарат пен құжаттарды үшінші тұлғаларға беруге құқылы.

89. Клиент Қазақстан Республикасының заңнамасын бұзған, Клиент Банкте шоттың болуына байланысты өз міндеттемелерін орындамаған, шот бойынша теріс баланс құрылған, Клиент банкрот болған немесе таратылған, қылмыстық қудаланған жағдайда Банк соттан тыс біржақты тәртіппен шартты орындаудан бас тартуға, шотты жүргізуді тоқтата отырып, шотты жабуға құқылы. Осы оқиғалар басталған кезде Клиенттің Банк алдындағы барлық міндеттемелері дереу орындалуы тиіс, бұл ретте Банк Клиенттің мерзімді кешіктіруден немесе Клиенттің нұсқауларын орындауды тоқтата тұрудан келтірілген залалдары үшін жауап бермейді. Банк мүмкіндігінше Клиентке шарттан осындай бас тарту және шотты жабу туралы кейін хабарлама жіберуге құқылы, бірақ міндетті емес.

90. Банк пен Клиент Қазақстан Республикасының заңнамасында және Клиенттермен жасалған Шарттарда көзделген өзге де құқықтарды іске асыруға құқылы.

Х. Клиенттермен жұмыс жүргізу тәртібі туралы қағида

91. Банк қызметін алу қажеттілігі туындаған кезде Клиент Банктің кез келген филиалына/бөлімшесіне жүгіне алады, банк операциясының әрбір түрі бойынша клиенттік өтінімдерді қараудың ішкі тәртібі Банктің ІНҚ арқылы реттеледі, өтінімдерді қарау мерзімдері Ереженің 6-қосымшасында сипатталған.

92. Клиент өтініш жасаған кезде Банк жұмыскері өтініштің мақсаты мен Клиенттің банк қызметтеріне мұқтаждығын айқындайды. Клиенттің қажеттіліктерін айқындау және кейіннен қызмет/өнім ұсыну туралы шарт (шарт жасасу қажет болған жағдайда) жасасу үшін Банк:

1) Шартты жасағанға дейін Клиентке төмендегілерді ұсынады:

- мөлшерлемелер мен тарифтер, өнім беру туралы өтініш бойынша шешім қабылдаудың мерзімдері (қажет болған жағдайда өтініш беру) туралы ақпарат;
- қызмет / өнім беру туралы ақпарат және шарт жасасу үшін қажетті құжаттардың тізімі;

- Шарт бойынша міндеттемелерді орындамаған кезде клиенттің жауапкершілігі және мүмкін болатын тәуекелдер туралы ақпарат;
- туындаған мәселелері бойынша Клиентке кеңес беру;
- Клиенттің қалауы бойынша – Шарттың үлгі нысанының жобасы және оның талаптарымен танысуға қажет уақыт;

- қосымша қаржылық қызмет алу талабымен қызметті/өнімді ұсыну туралы және қосымша шығыстардың болуы туралы мәліметтерді қоса алғанда, қосымша қаржылық қызмет алуға байланысты клиент жасасатын өзге де шарттар туралы ақпарат;

- қосымша қаржылық қызмет алу талабымен не қосымша қаржылық қызмет көрсетусіз клиенттің қызметті/өнімді (кепілсіз тұтыну қарызын) алуға келісу мүмкіндігі туралы ақпарат;

2) Ережеде белгіленген мерзімде Клиенттің өтінімін қарайды (өтініш беру қажет болған кезде);

3) қызмет / өнім бойынша даулы жағдайлар пайда болған жағдайда, Клиентке оның банкке, банктік омбудсманға, уәкілетті органға немесе сотқа бару құқығы туралы ақпарат береді. Банк осы мақсатта Банктің, банктік омбудсманның және уәкілетті органның орналасқан орны, пошталық, электрондық мекенжайлары және интернет-ресурстары туралы ақпарат береді;

4) клиент берген ақпараттың конфиденциалдылығын қамтамасыз етеді;

5) ЖТ клиентпен қарыз шартын жасасқанға дейін Банк ЖТ клиентке оның қарыз алуға жүгіну тәсіліне қарамастан сыйақы мөлшерлемесінің мөлшері (жылдық пайызбен не тіркелген сомамен), шынайы жылдық тиімді салыстырмалы есептеудегі сыйақы мөлшерлемесінің мөлшері, сондай-ақ банктік қарыз бойынша артық төлеу сомасы туралы хабарлайды.

93. Клиенттің банк қызметтеріне қажеттілігін айқындай отырып, Банк Клиентке банк қызметтерін көрсету және шарт (ол болған кезде) талаптарымен танысу, сондай-ақ Банк ұсынатын қызметтерді сатып алу қажеттілігі туралы шешім қабылдау үшін қажетті уақыт ұсынады.

